МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №99-100 (6662) 11 қараша, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

САРАПТАМА



**ВАШИНГТОН САПАРЫ – маңызы зор дипломатиялық іс-қимыл**

2

ӘКІМ

# БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ БАСТЫ НАЗАРДА

## Дархан Сатыбалды жәрмеңке жүйесін дамыту жалғасатынын жеткізді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



**Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мегаполистегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және отандық өндірушілерді қолдау мәселелеріне баса назар аударды. Қала басшысы демалыс күндері «Қазақфильм» шағынауданында өткен жәрмеңкені аралап, «Magnum Cash & Carry» сауда желісінің супермаркетіне барды.**

4

ӘЛЕУМЕТ

# ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА

## 9 мыңнан астам адам атаулы әлеуметтік көмек алды

**Алматыда аз қамтылған және әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету және арнайы әлеуметтік қызметтер ұсыну жұмысы жалғасып келеді. 2025 жылдың басынан бері әлеуметтік қорғау саласында қала тұрғындарына 21 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның ішінде жәрдемақы рәсімдеу, аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету және әлеуметтік қызмет көрсету бар. Бұл туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері хабарлады.**

Егде жастағы азаматтарға, ерекше қажеттілігі бар адамдарға (оның ішінде балаларға) және қиын өмірлік жағдайда қалған тұлғаларға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Жыл басынан бері шамамен 9 мың алматылық осындай арнайы әлеуметтік қызметтерді пайдаланды. Көмек түрлері стационарлық, жартылай стационарлық жағдайда және үйде көрсетіледі.

Биыл атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 1,8 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінген. Қазіргі таңда 1819 отбасы, яғни 9063 адам осы көмекті алып отыр. Бұған қоса, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалары бар аз қамтылған отбасыларға балалар тағамы мен тұрмыстық химия тауарларын сатып алуға арналған ай сайынғы төлем беріледі.

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығындары белгіленген шектен асып кеткен азаматтарға тұрғын үй көмегі көрсетіліп жатыр. Бұл мақсатқа 2025 жылы шамамен 30 миллион теңге қарастырылған, жүздеген отбасы осы көмекті алды. Сондай-ақ, коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне байланысты әлеуметтік жағынан мұқтаж жекелеген санаттағы азаматтарға өтемақы төлемдері беріліп жатыр.



Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының хабарлауынша, атаулы әлеуметтік көмектің (АӘК) басты мақсаты – тек материалдық жәрдем беру емес, сонымен қатар азаматтардың еңбек белсенділігін арттыруға және отбасыларды өмірдің қиын жағдайынан шығуға ынталандыру. АӘК жан басына шаққандағы табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға беріледі. Ол екі түрге бөлінеді: денсаулығына байланысты еңбекке қабілетсіз азаматтарға көрсетілетін шартсыз көмек және отбасының еңбекке қабілетті мүшелері жұмыспен қамту бағдарламаларына қатысқан жағдайда шартты көмек беріледі.

**Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

TikTok

@AQSHAM_NEWS

www.aqshamnews.kz

# ВАШИНГТОН САПАРЫ –

## маңызы зор дипломатиялық іс-қимыл

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вашингтон сапары Қазақстан үшін стратегиялық әрі символдық маңызы зор дипломатиялық іс-қимыл болды. Онда АҚШ президенті Дональд Трамппен келіссөз жүргізіп, «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысты. Сондай-ақ, америкалық лауазымды тұлғалары мен бизнес өкілдерімен келіссөз жүргізді. Сапар аясында стратегиялық құжаттарға қол қойылып, екіжақты және көпжақты серіктестікке серпін берілді.**



### Сапардың алғышарты

Вашингтонға жеткен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты АҚШ Мемлекеттік хатшысының бірінші орынбасары Кристофер Ландау күтіп алды. Оның Қазақстан Президентін жеке өзі күтіп алуының саяси астары бар. Естеріңізде болса, 29 қазанда Кристофер Ландау мен АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серджио Гор Қазақстанға ресми сапармен келген болатын. Сол кезде Ақордада Президентіміз қадірлі меймандармен кездескен. Кездесуде Вашингтонда өтетін C5+1 саммиті қарсаңында қазақ-америка кеңейтілген стратегиялық серіктестігін дамыту перспективасы талқыланған болатын.

Сондай-ақ, Кристофер Ландау мен Серджио Гор Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған бірқатар кездесу өткізді. Алматыда қазақстандық кәсіпкерлермен және елде жұмыс істейтін америкалық компаниялардың басшыларымен кездесті.

Бұдан бөлек, Премьер-министр Олжас Бектенов те америкалық делегациямен кездесу өткізген. Кездесу кезінде сауда байланыстары мен инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды. Сыртқы істер ведомстволары арасында да байланыс жолға қойылды. Тараптар екіжақты күн тәртібінің кең ауқымды мәселелерін талқылап, әр саладағы өзара іс-қимылына ерекше назар аударды. Осылайша Кристофер Ландау мен Серджио Гордың Қазақстанға жасаған ресми сапары Мемлекет басшысының АҚШ-на сапарына дайындық болды. Алдын ала уағдаластық жасалып, ортақ мәмілеге келген.

### Сирек минералдар серіктестікке серпін берді

Президенттің Вашингтонға сапары АҚШ Мемлекеттік хатшысы Марк Рубиомен, Сауда министрі Говард Латникпен, сондай-ақ АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азиядағы арнайы өкілі Серджио Гормен кездесуден басталды. Марк Рубио АҚШ-тың сыртқы саясатын жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Сондықтан алғашқы кездесудің мәні де айрықша еді. Басқосуға қатысушылар екіжақты және өңірлік күн тәртібінің басты аспектілері жөнінде пікір алмасқан.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен АҚШ үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға, өнеркәсіп пен бизнесті қолдауға септігін тигізетін экономикалық ықпалдастық арқылы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту орайлы мүмкіндік туғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, еліміз АҚШ-пен түрлі деңгейде белсенді саяси байланыс орнатқан әрі сан қырлы ынтымақтастықты тереңдету бойынша конструктивті диалог жүргізуге дайын.

АҚШ-тың сыртқы саясаттағы басым бағыттарының бірі экономикалық мүдде болып саналады. Оның ішінде аса маңызды сирек кездесетін минералдар экономикалық қауіпсіздігі үшін стратегиялық мәнге ие. Сондықтан Трамп Үкіметі әлем елдерімен осы салада серіктестік орнатуға тырысуда. Қазақстан мұндай ресурстарға бай ел, әрі бұл бағыттағы әріптестік АҚШ-тың ұлттық мүддесіне де сай келеді. Осылайша тараптар маңызды минералдар саласында ынтымақтастықты тереңдетуді бірауыздан мақұлдасты.

Кездесу соңында «Қазақстан Республикасы және Америка Құрама Штаттары арасында аса маңызды минералдар саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға» қол қойылды. Құжатқа ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев пен АҚШ Сауда министрі Говард Латник қол қойды. Бұл аталмыш салада әріптестік дамып, елімізге қосымша инвестиция құйылатынан білдіреді.

### Достықтың дәнекерлері

Екі ел арасындағы қарым-қатынасқа Парламент те оң үлес қосып келеді. Осыған орай Мемлекет басшысы сапар аясында АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының бір қатар мүшелерімен де кездесу өткізді. Бұл қатарда Джимми Панеттамен, Кэрол Миллермен, Билл Хайзенгамен және Сидни Камлагер-Дав сынды конгрессмендер болды.

Президент АҚШ Конгресі Қазақстанмен достық байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, Парламент мүшелеріне екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті ілгерілетуге қосқан үлесі үшін алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конгрестегі Джимми Панетта басқаратын «АҚШ – Қазақстан» достық тобы қос халық арасындағы саяси диалогты тереңдетуге, экономикалық кооперация мен байланыстар аясын кеңейтуге ықпал етіп отырғанына назар аударды. Кейін Президент америкалық сенатор Стив Дэйнсті қабылдады. Республикалық партиядан сайланған сенатормен кездесуде қазақ-америка қатынастарын нығайтуға парламенттік дипломатияның қосқан үлесі талқыланды. Мемлекет басшысы АҚШ сенаторының Қазақстанға шынайы тілектес екенін атап өтіп, Республика күніне орай Конгрестің ресми мәлімдеме жасағаны үшін ризашылық білдірді.

Кездесу соңында Президент Қазақстан мен АҚШ арасындағы байланысты нығайтуға қосқан үлесі үшін сенатор Стив Дэйнсті I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдағанын айтты.

Бұдан басқа, Қасым-Жомарт Тоқаев америкалық ірі бизнес өкілдерімен кездесті. Олар Chevron корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уирт пен John Deere компаниясының ТМД және Орталық Азия елдері бойынша президенті Чабо Лейко.

Chevron корпорациясы еліміздің Теңіз және Қарашығанақ кен орындарындағы мұнай мен газды игеру бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыруға мол үлес қосып келеді. «Шеврон» 1993 жылы Қазақстанға «Теңізшевройл» ЖШС-ін құрып келген алғашқы шетелдік энергетикалық компания болды. Кездесуде Президент Қазақстан тарапының шикізатты өндіру, өңдеу және тасымалдау салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін растады. Бұл екіжақты әріптестік жалғаса беретінін көрсетеді.

Ал John Deere компаниясының ТМД және Орталық Азия елдері бойынша президенті Чабо Лейкомен кездесу қорытындысы бойынша алпы құны 2,5 миллиард долларға бағаланған Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Құжат бойынша «АгромашХолдинг KZ» АҚ 5 жыл ішінде кем дегенде 3 мың John Deere ауыл шаруашылығы техникаларын өндіруді, кемінде 3 сервис орталығын ашуды, сондай-ақ мамандарды оқыту жүйесін дамытуды қарастырады.

### Көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен АҚШ Президенті Дональд Трамп келіссөзі 7 қарашада өтті. Президент Тоқаев Трамптың президенттік лауазымының тарихи сипатына тоқталып, оның басшылығымен АҚШ әлемнің жетекші экономикалық, саяси және технологиялық державасы ретіндегі позициясын күшейтіп келе жатқанын атап өтті. Қазақстан Президентінің айтуынша, Америка көшбасшысы жер жүзінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Мемлекет басшысы Қазақстан АҚШ Президентінің бітімгерлік бастамаларын толық қолдайтынын жеткізді. Соның ішінде келешекте Орта дәлізді одан әрі дамытуға ықпал ететін «Трамптың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолына» (TRIPP) ерекше назар аударды.

Өз кезегінде Дональд Трамп АҚШ-тың Қазақстанмен көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытуға ниетті екенін растады. Сапар аясында Қазақстан мен Құрама Штаттары жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылғанын мәлімдеді.

### Қазақстан Ибраһим келісімдеріне қосылды

Ақ үйдегі кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ президенттері Израиль Премьер-министрі Беньямин Нетаньяхумен телефон арқылы сөйлесті. Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылуы әңгімелесуге арқау болды. Осылайша Астана Таяу Шығыстағы дағдарысты шешу үдерісіне етене арасаласа бастады. ҚР СІМ 7 қарашадағы мәлімдемесіне сүйенсек, бұл шешім еліміздің ұлттық мүддесіне сай келеді.

Ибраһим келісімдері 2020-2021 жылдары Араб елдері мен Израиль арасындағы қатынасты жақсартуға арналған келісімдер болып саналады. Ол АҚШ президенті Дональд Трапмтың бірінші рет билікке келген уақытында жүзеге асқан. Алайда, билікке Джо Байден келгесін уақытша тоқтап қалды. Трамп екінші рет президенттік лауазымға кіріскесін аталмыш келісімдерді қайта жаңғыртты.

**ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИБРАҺИМ КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚОСЫЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ**

*Бұл маңызды шешім тек Қазақстан мүддесі үшін қабылданды және республиканың теңгерімді, сындарлы, бейбіт сыртқы саясатының сипатына толық сәйкес келеді. Авраам келісімдеріне қосылу еліміздің барлық мүдделі мемлекеттермен ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етеді, яғни Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына толық сәйкес.*

*Қазақстан әрдайым Таяу Шығыстағы қақтығыстың халықаралық құқық нормаларына, БҰҰ тиісті қарарларына және «екі халық үшін екі мемлекет» қағидаты негізінде әділ, жан-жақты әрі орнықты реттелуін қолдайды.*

*Сөз соңында Қазақстанның АҚШ-пен байланысты нығайтуы көпжақты сыртқы саясатымыз аясында жүзеге асып жатқанын айта кеткен жөн.*



**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**

Almaty AQSHAMY
№99-100 (6662) 11 қараша, 2025 жыл
www.aqshamnews.kz



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

**Вашингтонда өткен С5+1 саммитін жаһандық БАҚ жарыса жазуда. Д.Трамп билікке келгелі бері ресми түрде Орталық Азия президенттерімен алғаш рет бас қосты. Саммит аясында тараптар инвестиция, логистика, сирек кездесетін металдарды бірлесіп игеруден бастап, халықаралық қауіпсіздік, қоғамдық дипломатия тақырыптарына дейінгі өзекті тақырыптарды талқылады. Екіжақты келіссөздерде Қазақстанмен 1,1 млрд. долларлық вольфрам жобасы және жалпы көлемі 17 млрд. доллардан астам инвестициялық міндеттемелерді қамтитын келісімдер қабыл алынды. Осы орайда, Орталық Азия – АҚШ саммиті аяындағы сындарлы минералдар мен сирек кездесетін элементтер саласындағы серіктестіктің маңызы мен мәнін талдап көрелік.**



# ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – АҚШ САММИТІ: СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

### СИРЕК МЕТАЛДАРҒА СҰРАНЫС АРТА БЕРЕДІ

Байқауымызша, АҚШ Орталық Азияда өз ықпалын Ресей мен Қытай арасындағы теңгерім қалыптастыру бағытында дамытқысы келеді. Аймақтың сирек кездесетін және стратегиялық минералдық ресурстарға бай болуы бұл тұрғыда ерекше маңызға ие.

С5+1 форматындағы кездесулер алғашында қауіпсіздік, инвестиция тақырыптарына бағытталып келсе, соңғы жылдары Орталық Азиядағы минералдық ресурстар, жеткізу тізбектері және қорлардың геосаяси маңызына баса назар аударылды. Американдық сыртқы-саяси платформаларда сирек кездесетін металдар мен басқа да «минералдарға тәуелділік» мәселесі басты тақырыпқа айналды.

Соңғы жылдары Орталық Азия елдері энергетикалық және технологиялық трансформацияның жаңа орталығына айналып келеді. Жаһандық экономикадағы қоршаған ортаға залалы төмен экологиялық бағыттағы жобалардың артып, жасанды интеллект технологиялары, дата орталықтарына деген тәуелділіктің артуы сирек кездесетін элементтерге деген сұранысты күрт өсірді. Халықаралық энергетика агенттігінің дерегіне сәйкес, 2040 жылға қарай сирек металдарға сұраныс төрт есе артады. Мұндай жағдайда Орталық Азия, әсіресе, Қазақстан, жаңа стратегиялық маңызға ие аймақ ретінде қалыптасады.

АҚШ үшін Қытайдың нарықтағы үстемдігі (әлемдік сирек жер металдарының өңдеуінің шамамен 90%-ын бақылап отыр) мен Ресейдің дәстүрлі ықпалын ескере отырып, жаңа серіктестік іздестіру қажеттілігі көрінді. Қытай әлемдегі сирек кездесетін металдар өндірісінің 60%-ын, өңдеу қуатының 85%-ын иеленіп отыр. АҚШ өз кезегінде осы ресурстардың 63%-ын Қытайдан импорттайды. Д. Трамп қытайлық экспортқа қосымша күн салығын жариялағаннан кейін, қарымта ретінде Қытай сирек кездесетін элементтерді экспорттауды уақытша тоқтатқан еді. Өткен апта Оңтүстік Кореяда Қытай және АҚШ президенттерінің кездесуінен кейін, қос ел арасындағы сирек кездесетін металдар бойынша ортақ ұстаным қалыптасқандай болған. Вашингтон үшін сирек кездесетін металдар бойынша Орталық Азия нарығы бірден-бір балама. Сондықтан да саммит аясында АҚШ тарапы Орталық Азия елдерімен байланысын дәстүрлі салаларммен шектелмей логистика, темір жол, өндіріс, білім мен мәдение салаларына кеңейту бойынша ортақ мәмілеге келді.

### КЕЛІСІМ ТЕК ИНВЕСТИЦИЯ ҒАНА БЕРМЕЙДІ...

Қазақстан үшін аталмыш саммит АҚШ тарапына экономикалық және дипломатиялық тұрғыда жаңа аймаққа шығу мүмкіндігін ұсынды. Аймақтың минералдық ресурстары бұрыннан белгілі. Мысалы, Қазақстан уран өндіру бойынша әлемдік нарықтың 39%-на ие. Ресми мәліметтер бойынша Қазақстанда 2,6 млн. тоннаға жуық сирек минералдар бар деп көрсетіледі, кейбір деректерде жаңа жоба аясында 20 млн. тоннадан астам деп бағаланған. Қазақстанға сирек жер металдары жеткізу тізбектерінде маңызды елге айналуы мүмкіндігі бар, бірақ нақты іске асыру инфрақұрылым, өңдеу, логистика және халықаралық капитал тарту сынды шарттарға тәуелді.

Саммит барысында Қазақстан мен АҚШ «минералдар саласындағы ынтымақтастық туралы» меморандумға қол қойды. Құжаттың мәні шикізат қоры бар мемлекет ретінде Қазақстанның АҚШ-пен серіктестігін жаңа деңгейге шығаруы, өңдеуден бастап инвестиция тартып, жоғары технологиялық өндірістер құру мүмкіндігін қалыптастыруында. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты үшін де ерекше маңызға ие қадам. Өйткені, ұзақ жылдар бойы еліміз Ресеймен кеңірек экономикалық, логистикалық байланыста болды. Оған қоса Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы арқылы өңірге енуі айқын көрінді. Американдық серіктестік бағытын кеңейту Қазақстанға тәуелсіздік пен әртараптандыру стратегиясын нақтылау мүмкіндігін берді.

Орталық Азия елдерінің табиғи ресурстары мен сирек кездесетін металдарға бай болуы, жүйелі логистикалық тасымал жүйесін қалыптастырмай анық пайда бермеуі мүмкін. Мысалы, Қазақстан уран өндірісінің әлемдік көшбасшысы болса да, осы элементті тасымалдау және өңдеу саласында бір тараптық тәуелділік қалыптасқан. Қазақстанның АҚШ-пен минералдық серіктестік орнату ниеті елдің көпвекторлы саясатының логистика саласындағы жаңашыл бағытын қамтиды. Себебі, Орталық Азия елдерінің минералдық қазба байлықтары – тек экономикалық актив емес, геосаяси құрал. С5+1 саммитте айтылған сирек жер элементтері мен «жаңа энергия көздеріндегі» әріптестік туралы мәлімдемелер Қытай мен Ресейдің өңірдегі ықпалына бәсеке қатарлы қаралуда. Вашингтонның бастамасы экономикалық мақсаттан гөрі саяси мәнге ие. Қазақстан мен АҚШ арасындағы 2025 жылғы С5+1 меморандумы, негізінен, технологиялық трансфер мен инвестициялық серіктестік құруды көздейді. Бұл қадам Қытайдың аймақтағы экономикалық үстемдігіне балама ретінде қарастырылуда.

Біріншіден, Орталық Азия елдері Қытай мен Ресейге экономикалық және саяси жағынан терең байланыста. Қытай Тәжікстан мен Қырғызстандағы сирек металл кен орындарының негізгі жалға алушысы болып отыр, ал Ресейдің ядролық энергия саласындағы рөлі Қазақстан экономикасының белгілі сегменттерін бақылайды. Екіншіден, С5+1 форматы дәл осы саяси-экономикалық дилемманы шешудің көпвекторлы платформасына айналуы мүмкін. АҚШ-тың аймаққа тікелей инвестициясы мен инфрақұрылымдық жобаларға қатысуы – мысалы, өңдеу зауыттарын құру, тасымал бағыттарын әртараптандыру және цифрлық логистика жүйесін дамыту – Қытай мен Ресейдің дәстүрлі артықшылықтарын теңестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл механизм Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының ұзақмерзімді тұрақтылығын күшейтеді.

### ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯДАҒЫ ЖАРЫС

Сирек кездесетін элементтері мәселесі – қазіргі С5+1 форматының өзегіне айналған стратегиялық фактор. Бұл тек ресурстар үшін бәсеке емес, жаңа әлемдік тәртіпте «технологиялық тәуелсіздік» үшін күрес. Орталық Азия елдері үшін басты мақсат – өз байлығын сыртқы ойыншылардың геосаяси мүдделерінен жоғары қоя отырып, ұлттық даму мен экономикалық әртараптандыру құралына айналдыру. Вашингтон саммиті көрсеткендей, АҚШ-тың аймаққа қайта оралуы жаңа мүмкіндіктер әкеледі, бірақ бұл мүмкіндіктерді пайдалану үшін Орталық Азия елдерінің ішкі реформалары мен нақты стратегиясы қажет. Тек сонда ғана өңір жаһандық минералдық теңгерімнің белсенді қатысушысына айналады.

С5+1 саммиті Орталық Азия мен АҚШ арасындағы жаңа стратегиялық әріптестіктің бастау нүктесіне айналды. Сирек кездесетін металдар мен минералдар саласындағы ынтымақтастық тек экономикалық емес, сонымен қатар геосаяси маңызға ие болып отыр. Еліміз үшін бұл қадам көпвекторлы саясаттың нақты көрінісі ғана емес, елдің технологиялық және индустриялық тәуелсіздігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Саммит қорытындысынан байқағанымыз, аймақ енді жаһандық шикізат көзі ғана емес, технологиялық бәсекенің белсенді ойыншысына айналады. Орталық Азия елдері ресурстарын ұлттық мүдде мен тұрақты даму жолына бағыттай алса, аймақтың халықаралық салмағы едәуір күшейе түспек.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

*КЕРЕК ДЕРЕК*

- *2025 жылдың алты айында АҚШ Орталық Азиямен жалпы сомасы 12,4 млрд. долларды құрайтын сауда келісімдеріне қол қойған;*
- *Қазақстан «Wabtec» компаниясымен 4,2 млрд. долларлық келісімге қол қойды;*
- *2040 жылы әлемде сирек кездесетін металдарға сұраныс төрт есе артатын болады;*
- *Қазақстанда сирек кездесетін металдар қоры шамамен 270 000 тонна, әлемде ондыққа кіреді.*
- *Қазақстан мен АҚШ жалпы құны 17 миллиард долларды құрайтын келісімдер жасады.*
- *Қазақстан Америкадағы уранға сұраныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам американдық компания бизнес жүргізеді.*

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



# ЖАЙЛЫ КЕҢІСТІК

## Алматыда Назарбаев даңғылы бойында жаңа сквер ашылды

Алматыда Назарбаев даңғылының батыс бөлігінде, Ганди көшесінің солтүстігінде орналасқан жаңа сквер ресми түрде ашылды. Іс-шараға қала әкімі Дархан Сатыбалды қатысты.

Жаңа сквер қоғамдық кеңістіктерді дамыту бағдарламасының бір бөлігі ретінде жүзеге асырылып, жайлы қалалық орта қалыптастыруға бағытталған. Нысанның жалпы аумағы 4,16 гектар, оның шамамен үш гектары жасыл аймаққа тиесілі.

Құрылысы барысында инженерлік және көркейту жұмысы толық көлемде орындалды. Сквер аумағына заманауи жарықтандыру және автосуару жүйелері орнатылды, 10 мың шаршы метрден астам жүргіншілер жолы төселді. Демалыс аймақтары жасақталып, 77 орындық және 52 қоқыс жәшігі қойылды.

Жасылдандыру жұмысы аясында барлығы 425 ағаш отырғызылды (оның ішінде 166 – қылқанжапырақты, 259 – жапырақты түрлер), сондай-ақ 590 бұта егілді (351 – қылқанжапырақты, 239 – жапырақты).

Сквердің ерекшелігі – жасанды тоған. Қыс мезгілінде ол сырғанақ айдыны ретінде пайдаланылатын болады. Бұл қала тұрғындары мен қонақтарына жыл бойы белсенді демалысқа мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, көркейтуде климаттық жағдайларға бейімделген материалдар және экологиялық шешімдер қолданылған. Жаңа сквер қаланың орталық бөлігіндегі жасыл желек жүйесімен үйлесімді түрде астасып, тұрғындардың серуендеуі мен демалысына қолайлы орынға айналды.

Қоғамдық кеңістіктерді дамыту қалалық ортаның сапасын арттырып, жасыл аймақтарды көбейтуге және қала тұрғындары үшін белсенді демалыс мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының мәліметінше, Алматыда саябақтар, скверлер және жасыл аймақтар құру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Қаланың барлық аудандарында серуендеуге және демалуға арналған жаңа орындар ашылып жатыр.

ӘКІМ

# БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ БАСТЫ НАЗАРДА

## Дархан Сатыбалды жәрмеңке жүйесін дамыту жалғасатынын жеткізді

(Басы 1-бетте)

Демалыс күнгі жәрмеңке әр сенбі және жексенбі күндері сағат 08.00-ден 18.00-ге дейін тұрақты түрде өткізіледі. Жәрмеңке аумағында 96 сауда орны жұмыс істейді. Саудаға Еңбекшіқазақ, Қарасай және Іле аудандарынан келген шаруа және фермерлік қожалықтар қатысады.

Сапар барысында қала әкімі отандық ауыл шаруашылығы өндірушілерін жүйелі қолдаудың жалғасатынын атап өтті.

«Біздің міндет – тұрғындарды қолжетімді әрі сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ фермерлер үшін қолайлы жағдай жасау», – деді Дархан Сатыбалды жәрмеңке қатысушыларымен кездесу кезінде.

Кәсіпкерлер жәрмеңкенің жұмысы тоқтап қалуы мүмкін деген алаңдаушылық білдірді. Осыған орай әкім қазіргі уақытта жәрмеңке форматын одан әрі жаңғырту шаралары пысықталып жатқанын жеткізді. Бұл жобаға заманауи тәсілдер енгізуге, қызмет көрсету сапасын арттыруға және делдалдарды болдырмай, тек фермерлердің тікелей қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Одан кейін Дархан Сатыбалды «Magnum Cash & Carry» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сауда желісіне барды. «Magnum» – Алматыдағы ең ірі бөлшек сауда желісі. Қалада 80 дүкен жұмыс істейді, олардың жалпы аумағы 180 мың шаршы метрден асады. «Magnum» желісінде Алматы бойынша 5,2 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Сауда желісінің қызметін 1,5 миллион алматылық пайдаланады.

2019 жылдан бастап «Magnum Cash & Carry» әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағдарламасына белсенді қатысып келеді. Осы кезеңде желі төмендетілген бағамен 100 мың тоннадан астам өнім өткізді. Қазіргі уақытта 10,4 мың тонна көкөніс сатып алу және өткізу бойынша форвардтық келісім, сондай-ақ 11 түрлі тауардың бағасын бекіту үшін айналым қарызы туралы келісім қолданыста. 2025 жылдың басынан бері бағдарламаның арқасында қазақстандықтар азық-түлік сатып алу кезінде 1,5 млрд. теңге үнемдеді.

**Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

# КӘСІБИ СТАНДАРТ – САПАЛЫ КАДР

**Алматы қаласындағы Принтмедиа технологиялар колледжінде «Операторлық өнер» мамандығы бойынша кәсіби стандартты қалыптастыруға арналған «дөңгелек үстел» өтті. Іс–шара «Мемлекет, білім және индустрия серіктестігі арқылы кәсіби стандарт қалыптастыру» тақырыбында ұйымдастырылды. Іс–шараға кино, телевизия, фото және медиа саласындағы жұмыс берушілер, шығармашылық жоғары оқу орындары мен колледждердің өкілдері, сондай–ақ Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мамандары қатысты.**




**Ернұр РЫСБАЙ**

Кездесуді колледж директоры Гүлзада Абдуллаева ашып, мамандар даярлау жүйесін жетілдірудің маңыздылығын атап өтті:

– Бұл іс-шараны өткізудегі басты мақсатымыз – заман талабына сай оператор мамандарын кәсіби стандарттарға сәйкес даярлау жолдарын айқындау. Бұл салада білім беру мен индустрияның тығыз байланысы қажет. Бүгін осында жиналған сала өкілдерімен бірлесіп, нақты шешімдер қабылдаймыз деп сенемін. Пікірталас нәтижелі болады деген үміттемін, – деді ол.

«Дөңгелек үстел» барысында операторлық мамандықтың кәсіби ерекшеліктері мен жаңа технологияларға бейімделуі талқыланды. Цифрландыру үдерісімен қатар, заманауи камералар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің дамуы операторлық жұмыстың сапасына жаңа талаптар қойып отыр.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының бас сарапшысы Динара Сандыбаева шығармашылық салаларда кәсіби стандарттың болмауы еңбек нарығындағы бірқатар мәселелерге әкеліп отырғанын айтты:

– Қазіргі таңда «Операторлық өнер» бойынша жеке кәсіби стандарт жоқтың қасы. Нарықта жұмыс істейтін көптеген фотографтар мен бейнеоператорлар кәсіби білімсіз-ақ еңбек етіп жүр. Бұл жағдай мамандық беделіне және сапалы кадр даярлауға әсер етеді. Сондықтан бізге нақты кәсіби талаптар мен біліктілік деңгейлерін айқындайтын стандарт қажет, – деді ол.

# КЛИМАТҚА БЕЙІМДЕЛГЕН ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ

## Алматыда ландшафтық архитектура мектебі ашылды

**«АлматыБасжоспар» ғылыми–зерттеу институтында Алматы ландшафтық архитектура мектебінің ашылуы өтті. Бұл Қазақстандағы экология, дизайн және инновацияны біріктіретін алғашқы кәсіби білім беру алаңы.**

**Нұрлан СҮЙІН**




Суретті түсірген САМАТ ҚҰСАЙЫНОВ.

Мектептің басты идеясы ландшафтық архитектураның тек әсемдік емес, сонымен қатар климаттық өзгерістер мен экологиялық дағдарыстар сияқты жаһандық дағдарыстарға жауап беретін ғылым екенін көрсету.

– Әлем климаттық дағдарысты бастан кешіп отыр. Бұл мәселеге жауап беру табиғаттың өзінде жатыр. Ландшафтық дизайнерлер табиғаттан тыс емес, қайта сол табиғатпен бірлесіп жобалар жасайды, сол табиғаттың кереметін аша түседі, – дейді мектептің негізін қалаушы, Америка ландшафтық архитекторлар қауымдастығының (ASLA) мүшесі Баян Қадірбек.

Мектептің ашылуы Қазақстанда ландшафтық жобалау саласындағы кәсіби білім жүйесін қалыптастырудың маңызды қадамы болып отыр. Осылайша еліміз АҚШ, Европа, Қытай сияқты осы бағытта жүз жылдан астам тәжірибесі бар елдердің қатарына қосылды.

Жоба «АлматыБасжоспар» ғылыми-зерттеу институтының қолдауымен жүзеге асырылды. Институт Алматы қаласының стратегиялық дамуы мен урбанистика саласындағы жетекші орталықтарының бірі. Оңтүстік астананың заманауи дамуына үлкен үлес қосып келеді.

– Ландшафтық архитектура мектебін құру бұл тек білім беру бастамасы ғана емес, бұл жаңа мәдениеттің бастауы. Алматыны табиғат пен архитектура үйлескен, жайлы әрі тұрақты қала ретінде дамыту біздің басты мақсатымыз, – деп атап өтті урбанист, сәулетші, «АлматыБасжоспар» ҒЗИ бас директоры Асхат Садуов.

Мектептің білім беру жүйесі үш сатылы форматқа негізделген:

Ашық дәрістер – студенттер мен мамандар арасында ландшафтық архитектураны насихаттау; Практикалық воркшоптар – нақты нысандарды (саябақтар, алаңдар, тұрғын үй кешендері) тәжірибелік оқыту; Кәсіби курстар – халықаралық сарапшылардың қатысуымен өткізілетін екі айлық сертификатталған бағдарлама.

Мектеп архитектура, экология және урбанистика саласындағы мамандарды біріктіретін алаңға айналмақ. Бағдарлама аясында АҚШ, Ұлыбритания, Жапония және Қытайдан оқытушылар шақыру, бірлескен жобалар мен зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыру жоспарлануда. Басты мақсат – Алматы мен Орталық Азияда тұрақты ландшафтық жобалау мен климатқа бейімделген қала мәдениетін қалыптастыру, дамыту.

– Біздің мақсатымыз – қалалардың тыныс алуына жағдай жасау. Әрбір саябақ, аулалар мен көшелер үйлесім мен байланыс сезімін тудырсын. Бұл – жобалаудың жаңа мәдениеті, – дейді мектептің негізін қалаушы, архитектор, дизайнер Баян Қадірбек.

«Ландшафтық дизайнның күші – бос кеңістіктен өркендеуге дейін» – жаңа мектептің ашылуы осындай тақырыппен өрленді. Бұл ұран мектептің құнарсыз, қараусыз жатқан кеңістіктерге жан бітіріп, өмір бар экожүйелерге айналдыру дейтін миссиясына да сай келеді. Мектептің жұмысы барысында Шарын шатқалы, Балқаш көлі және басқа нысандар негізінде дайындалған оқу бағдарламалары таныстырылды.

МӘСЕЛЕ

# ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

## Отандық өндірістің өркендеуіне не кедергі?

**Алматыдағы сауда орындары мен базарларда әлі де шетелдік киім-кешек басым. Дегенмен соңғы жылдары «Made in Kazakhstan» белгісі бар өнімдер де көбейіп келеді. Соған қарамастан Түркия, Қытай, Өзбекстан және Кореядан келетін тауарлар нарықта жетекші орнын сақтап тұр. Яғни отандық өнім ұсынылғанмен, қазақстандық тұтынушылардың сұранысы әлі де шетелдік брендтерге ауып келеді. Ендеше жеңіл өнеркәсіптің бүгінгі жай-күйі қандай? Қазақстан импортқа тәуелділікті қаншалықты азайтып жатыр? Бұл сұрақтарға Алматы нарығы тұрғысынан жауап іздеп көрейік.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Сауда министрлігінің дерегінше, Қазақстан жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің 90%-дан астамын импорттайды. Әрине, елдегі ең ірі сауда орталығы саналатын Алматыда да жағдай осыған ұқсас. Шетелдік тауарларға деген сұраныс әлі де басымдыққа ие. Осы тұста «отандық жеңіл өнеркәсіптің ішкі сұранысты толық қанағаттандырмауының себебі не?» деген заңды сауал туады. Оның басты себептерін сарапшылар үшке бөліп қарастырады: Біріншіден, шикізаттың басым бөлігі сырттан әкелінеді; екінші – өндіріс көлемі шағын, бұл тиісінше отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің өзіндік құн жоғарылатады. Бұған қоса, маркетинг пен брендинг жүйесі дамымаған; ал тұтынушы санасында «сапа – шетелде» деген стереотип бар.

Мысал ретінде Алматыдағы «Алатау» базарынан Түркия мен Қазақстан өндірген бірдей үлгідегі көйлекті алайық. Түрік көйлегі – 16 мың теңге, отандық өнім – 18 мың теңге. Сырт көзге айырмашылығы шамалы болғанмен, сатып алушы көбіне арзанырақ шетел тауарын таңдайды. Бұл арада жоғарыда атап өткен себептер көзге ұрып тұр. Яғни отандық өнімнің өзіндік құны расында жоғары, әрі тұтынушыларда «шетел өнімі» сапалы деген стеротип те шешуші әсер етеді.

Дегенмен, соңғы жылдары жастар арасында отандық брендке қызығушылық күшейіп келеді. Әлеуметтік желілердегі (Instagram мен TikTok-та) отандық тауар өндірушілердің маркаларын жиі көріп жүрміз. Мұндай шағын болса да, маңызды бетбұрыс қуантады.

Ал өндірушілер не дейді? Алматыдағы әдемі шапандар тігетін цехтың жетекшісі Гүлнұр Маратқызы сауда орталықтарындағы жалға алу құнының жоғары екенін айтады. «Өнімдеріміз табиғи матадан тігіледі. Бірақ сауда орындарындағы жалдау ақысы қымбат, жарнамаға қаржы жетпейді. Халық қызығып қарайды, бірақ сатып алу кезінде бағаға келіп тоқтайды», – дейді ол. Демек, оның сөзінше, шикізат импорты қымбаттаған сайын отандық өнімнің де бағасы өседі.

### Киім өндірісі матадан басталады

Бүгінде аталмыш сала ішінде 1400-ге жуық кәсіпорын жұмыс істейді, олардың 97%-ы – шағын бизнес субъектілерінің үлесінде. 2024 жылдың алғашқы тоқсанында жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің өндірісі 52,7 млрд. теңгеге жетті. Сондай-ақ, жеңіл өнеркәсіп жобаларын жылдық 3% мөлшерлемемен қаржыландыру тетігі қолжетімді. Мемлекеттік сатып алуларда отандық өнімге басымдық беру жөнінде шешім қабылданды. Дегенмен, салада шешуді қажет еткен мәселелер де аз емес. Технологиялық базаның ескіруі, білікті маман тапшылығы және шикізатты терең өңдеудің жеткіліксіздігі өндірістің бәсекеге қабілеттілігін тежеп отыр.

Соған қарамастан, соңғы жылдары жастар арасында қазақстандық брендтерге деген қызығушылық өндіріске шабыт берді. Сарапшылар отандық киім-кешек өндірісін нығайту үшін, ең алдымен, мата өндірісін жолға қою керектігін алға тартады. Сонымен, бір уақытта маркетинг пен бренд қалыптастыру бағытын күшейту және қолдау тетіктерін нақтылай түсу қажет деп санайды.

Бұл саланы алға жылжытудың басты факторы – сапалы өнім мен заманауи дизайн. Өйткені, бәсекелестік бағаға қоса, стиль мен өзіндік ерекшелікте. Сондықтан отандық өндіріс өзін дұрыс таныстырып, тұтынушы сенімін қалыптастыруы маңызды. Сауда орындарында жеңілдетілген жалдау мүмкіндігі, салықтық ынталандыру және жастарға бағытталған коммуникациялық стратегия – нарықты жандандыра алады.

### СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Экономист Абзал Айтқожиннің пайымдауынша, өзімізде шикізат өндірілмейінше, жақын арада отандық брендтерге сұраныс артуы екіталай. Ол бұл мәселеде: *«Жеңіл өнеркәсіп – мыңдаған әйел азаматтар мен жас мамандарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беретін сала. Бірақ импортқа тәуелділік сақталып отыр. Өзіміздің мата өндірісі жолға қойылмайынша, отандық бренд шетелдікпен тең бәсекелесе алмайды»*, – деген пікірде.

Қазіргі таңда елімізде жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағытында нақты қадамдар жасалуда. 2022–2025 жылдарға арналған Жеңіл өнеркәсіпті қолдау жөніндегі жол картасы бекітіліп, онда нормативтік базаны жетілдіру, шикізатты қайта өңдеу, кадр даярлау, мемлекеттік сатып алуларды қолдау және экспортқа бағытталған отандық брендтерді ілгерілету сияқты шаралар қарастырылған.

***Қазіргі жағдайда Алматының базарларында шетелдік тауарлар әлі де басым. Бірақ қазақстандық брендке деген сұраныстың артып келе жатқаны анық байқалады. Егер сапа, стиль және сенім тұрақты қалыптасса, «Made in Kazakhstan» белгісі сән әлемінде беделді сапа символына айналатын күн алыс емес.***

# ТҰРАҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН ТАЗА АУА –

## Алматының даму формуласы

**Шаһарда «Алматы: таза ауа және тұрақты инфрақұрылым – цифрлық технологиялар» атты форсайт-сессия өтті. Бұл жиын ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының және Алматы қаласы әкімдігінің бірлескен бастамасы ретінде ұйымдастырылып, экологиялық, цифрлық және қалалық даму салаларындағы маңызды шешімдерді айқындауға арналды.**

Ернұр РЫСБАЙ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Форсайт-сессия қала экожүйесін жаңарту кезеңінде өткен маңызды сараптамалық алаңға айналды. Мұнда бизнес құрылымдар, ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындарының мамандары және қалалық қызмет өкілдері бас қосып, Алматының тұрақты даму стратегиясын қалыптастыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірледі. Іс-шарада екі стратегиялық бағыт – ауаның сапасын жақсарту және цифрлық урбанистика мәселелері талқыланды. Қатысушылар қаланың ластануына әсер ететін факторларды ғылыми тұрғыдан зерделеп, жаңа технологиялар арқылы шешу жолдарын ұсынды. Сонымен қатар, «цифрлық егіз» жүйесі арқылы сейсмикалық тұрақтылықты арттыру және инфрақұрылым қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдері қаралды.

Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек форсайт-сессияның басты мақсаты ғылым мен бизнестің өзара байланысын күшейту екенін атап өтті.

*– Бұл алаң ғылымдағы идеяларды нақты қала деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Ғылыми зерттеулер мен қолданбалы жобалар бизнестің сұранысына сай әзірленіп, қаланың дамуына бағытталуда. Мысалы, ауаны тазарту, ағаш егу, көше мен жолдарды жөндеу бойынша жаңа ғылыми шешімдерді енгізу қарастырылуда. Қазірдің өзінде әкімдік тарапынан осындай зерттеулерді қаржыландыруға арнайы бюджет бөлініп отыр,* – деді ол.

Әзиз Қажденбектің айтуынша, бұл жұмыс фундаменталды және қолданбалы ғылымды біріктіріп, қалалық деңгейде ғылыми зерттеулердің нәтижесін іс жүзінде пайдалануға жол ашады. Ғылыми институттар мен бизнес құрылымдары әкімдікпен бірлесіп, өндіріс пен тәжірибеде қолдануға болатын жаңа жобаларды әзірлеуде. Оның ішінде Қазақ ұлттық аграрлық университеті әкімдіктің қолдауымен қаладағы ағаштардың жағдайын зерттеп, Алматы климатына бейім өсімдіктер түрін анықтауда. Ал академиялық орталықтар қала жолдарының сапасын арттыру үшін асфальт жабындысының жаңа түрлерін сынақтан өткізіп жатыр.

Форсайт-сессияға қатысқан ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы пәнаралық ғылым орталығының директоры Қуантар Әлиханов Алматының тұрақты дамуы үшін ғылым мен технологияның маңызы зор екенін айтты. Оның айтуынша, Алматыдағы ауаның ластануы тек көлік қозғалысына байланысты емес. Ковид кезеңінде жүргізілген зерттеулер бұл фактордың негізгі себептердің бірі ғана екенін көрсеткен. Жылу электр станциялары мен көмірді пайдалану қаланың экологиялық жағдайына үлкен әсер етіп отыр. Осыған байланысты ауаны тазарту бағытында жаңа фильтрациялық әдістерді және цифрлық бақылау жүйесін енгізу жоспарланған.

Сондай-ақ, сессияда HoReCa (қонақүй, мейрамхана, қоғамдық тамақтану) секторының өкілдері экологиялық стандарттарды енгізу мен қалдықтарды қайта өңдеу тетіктерін талқылады. Бұл бағыттағы ұсыныстар экологиялық зиянды азайтуға және бизнес пен қоғам арасындағы экологиялық жауапкершілікті күшейтуге ықпал етпек.

Ұлттық Ғылым академиясы соңғы жылдары өңірлік ғылымды дамыту мақсатында ел көлемінде жетпістен аса өңірлік форсайт-сессиялар өткізген. Нәтижесінде 220 перспективалық міндеттер әзірленіп, 62 ғылыми техникалық тапсырма даярланып салалық министрліктермен келісімделді. Енді осы тәжірибе Алматыда іске асырылып, қала бюджетінен ғылыми зерттеулер қаржыландырылатын болады.

**Жиын қорытындысы бойынша экология, қауіпсіздік және цифрландыру бағытындағы нақты ұсыныстар қамтылған аналитикалық жазба дайындалды. Бұл құжат Алматының келешекте «ақылды» және экологиялық тұрақты мегаполиске айналуына негіз болмақ.**

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

# АЛҒАШҚЫ ЦИФРЛЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ

## Алматыда ашылды

**Алматының денсаулық сақтау жүйесінің биылғы 9 айдағы жұмысын қорытындылаған алқалы жиын өтті. Оған қала әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым төрағалық етті.**



(Сурет: ҚР Денсаулық сақтау министрлігі).




### ОҢ ДИНАМИКА БАЙҚАЛАДЫ

Алдымен қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов атқарылған жұмыс бойынша баяндама жасады. Одан соң «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Алматы қалалық филиалының директоры Ілияс Мұхамеджан, Алматы қаласы бойынша Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы және Денсаулық сақтау министрлігінің Алматы қаласы бойынша Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті департаментінің басшысы Дамир Дәулетбаев сөз сөйледі.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, денсаулық көрсеткіштерінің негізгі бағыты бойынша тұрақты оң динамика байқалады. Жалпы өлім-жітім 0,75%-ға төмендеп, республикалық орташа деңгейден 21%-ға азайған. Есептік кезеңде Алматыда ана өлімі тіркелген жоқ, нәресте өлімі 21,8%-ға азайды – бұл ел бойынша ең үздік көрсеткіштің бірі.

### КАДР ЖЕТКІЛІКТІ

Алматының медициналық ұйымдарында 18,5 мыңнан астам қызметкер еңбек етеді. Соның ішінде 5 мыңнан астамы – дәрігер, 10 мыңға жуығы – орта буын медицина маманы. Жыл сайын қалалық медицина ұйымдарына 400-ден астам жаңа маман жұмысқа орналасады.

Сондай-ақ, саланың кадрлық әлеуетін нығайту үшін орта буын медицина қызметкерлерін оқытуға білім гранты есебінен 2,8 млрд. теңге, резиденттерді даярлауға 1 млрд. теңге бөлінді. Қазір қаладағы медициналық жоғары оқу орындарында 319 резидент оқып жатыр, оның 124-і биыл қабылданған. 2024-2025 оқу жылына әкімдіктің мемлекеттік тапсырысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары аясында 1216 студент қабылданды.

### ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘРДЕМ БЕРУДЕ

Алматыда 2030 жылға дейінгі денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғырту жоспары кезең-кезеңімен іске асырылып жатыр. Биыл еліміздегі ең алғашқы цифрлық медицина орталығы – Almaty Digital Medical Center (ADMC) іске қосылды. Бұл орталық телемедицина, жасанды интеллект және денсаулықты қашықтан бақылау әдістерін біріктіреді. Пациенттерді Face ID арқылы сәйкестендіру, электрондық еңбекке жарамсыздық парағы мен анықтамалар енгізілді.

Қашықтан көрсетілетін медициналық қызмет саны 236 мыңға дейін өсті. Онкоорталықта химиотерапиялық препаратты дайындаудың роботтандырылған жүйесі енгізілсе, емханада жасанды интеллект арқылы аватарлар науқастармен жұмыс істей бастады.

### МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫ

Алматы медициналық туризм орталығы ретінде өз позициясын нығайтып келеді. Биылғы 9 айда қала стационарларында ТМД елдерінен – Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген 279 шетелдік пациент ем қабылдады. Ең көп сұранысқа ие бағыттар – босандыру, онкология, офтальмология, хирургия және урология.

БҮГІН / ЕРТЕҢ

* *Мегаполистің медициналық ұйымдарының техникамен жабдықталу көрсеткіші – 93,9% / Қаладағы медицина ұйымдары үшін 22,3 млрд. теңгеге 3000-ға жуық заманауи жабдық сатып алу көзделген.*

* *Екі МСАК орталығының, Жедел жәрдем қосалқы станциясы, емхана құрылысы аяқталуға жақын. №4, №7 қалалық клиникалық ауруханалары мен №1 перзентхананың реконструкциясы жүріп жатыр / Келер жылы көпбейінді аурухана, балалар клиникалық орталығы, онкоорталық және перинаталдық орталық – басаяғы тоғыз жаңа нысанның құрылысы басталады.*

Қалада 29 медициналық ұйым 59 түрлі жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетеді – бұл өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға артық. Бұл көмекті 4800-ге жуық пациент алды.

Отырыс қорытындысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым медициналық көмектің сапасы мен қолжетімдігін арттыру, бюджет қаражатын тиімді игеру, цифрлық технологияны енгізу және білікті кадрлар даярлаудың маңызын атап өтті.

БРИФИНГ

# ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛДЫ

## 14 мыңнан астам алматылық өз таңдауын жасады

**Қалада медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) ұйымдарына халықты тіркейтін жыл сайынғы науқанның қорытындысы шықты. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық бөлімше директорының орынбасары, ҚР ДСМ Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығының өкілі Бибігүл Айтбақина мәлімдеген болатын.**



Жыл сайынғы тіркеу науқаны 1 қыркүйектен 1 қарашаға дейінгі аралықта өтті. Биыл акцияға 80 медициналық ұйым қатысқан, олардың ішінде екі жаңа клиника – Tengri Medical Clinic пен NaraMed те бар.

Науқан қорытындысында 14 303 адам жаңа МСАК ұйымдарына тіркеліп, 14 822 тұрғын емханасын ауыстырған.

Қағаз жүзінде өтініш беретіндер үшін 15 қыркүйектен бастап Face ID жүйесі арқылы жаңартылған сәйкестендіру жүйесіне көшу жүзеге асырылды. Енді 18 жасқа дейінгі балаларды, мүгедектігі бар адамдар мен сотталғандарды қоспағанда, азаматтарды тіркеу Face ID арқылы немесе Kaspi қосымшасындағы жеке кодты көрсету арқылы жүргізіледі. Бұл жеке деректің қорғалуын күшейтіп, өтініштің қайталануына да жол бермейді.

«Цифрландырудың арқасында жұмыс осы жолы барынша ыңғайлы, ашық өтті. Емханаға бармай-ақ, енді бәрі онлайн тіркеле алады. Зейнеткерлер мен мүгедектігі бар жандар сияқты кейбір санаттағы адамдар құжаттарымен офлайн тіркеле беретін болады», – деді спикер.

МӘМС

**Шаһардағы №7 қалалық клиникалық ауруханада күрделі ревматоидты артритпен ауыратын науқасқа жоспарлы ота жасалды. Операция барысында пациенттің жамбас буынына эндопротез орнатылды.**

# СӘТТІ ЖАСАЛҒАН ОТА

## Пациенттің жамбас буынына заманауи имплант орнатылды



Ота жасалған тұрғынның айтуынша, оның ревматоидты артритпен ауырғанына көп уақыт болған көрінеді. Хондромаляция мен остеопороз сынды қосымша дерттерге шалдыққаны тағы бар. Бұл өз кезегінде шеміршектің ажырап кетуіне әкеліп, ауруды қоздыра түскен, дейді дәрігерлер.

Кейінгі төрт жыл ішінде 7-ауруханада оған кезең-кезеңімен бірнеше ота жасалып, қос тізесі мен бір жақ жамбас буыны ауыстырылған екен. Жуырда аурухана дәрігерлері пациенттің екінші жамбасындағы буындарын алмастырды. Жоғары технологиялық ота МӘМС қаражаты есебінен жасалды.

№7 ҚКА полижарақат бөлімшесінің меңгерушісі Рамазан Әскеровтің айтуынша, хондромаляция мен остеопороз операция барысында қиындықтар тудырған. Себебі, олар эндопротездің орнығуын қиындататындықтан имплантты орнатуда асқан дәлдік пен шеберлік қажет. Дәрігерлер ота барысында минералды тығыздығы төмен сүйекке арналған заманауи импланттарды пайдаланады. Мамандардың біліктілігі мен аурухананың заманауи үлгідегі қондырғылар күрделі отаны сәтті жасап шығуға мүмкіндік берді.

**Бетті әзірлеген**
**Нұржамал ӘЛІШ.**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС

# РЕПРОДУКТИВТІ МЕДИЦИНА

## Бедеулікті емдеудің заманауи әдістері ұсынылды

**Алматы қаласында Қазақстанның репродуктивті медицина қауымдастығының (ҚРМҚ) XVII Халықаралық конгресі өтті. Бұл – Орталық Азиядағы репродуктивті денсаулық, бедеулік, қосалқы репродуктивті технологиялар, жүктілікті жүргізу, құқықтық және этикалық мәселелерге арналған ең ірі іс-шара.**

Дана САДЫРҚАН


Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Конгреске Қазақстаннан және әлемнің 25-тен астам елінен келген 1000-нан астам маман, елдің жетекші ғылыми және клиникалық орталықтарының басшылары, репродуктологтар, акушер-гинекологтар, андрологтар, эндокринологтар, эмбриологтар, хирургтар, генетиктер мен молекулалық биологтар қатысты.

Жиында бедеулікті диагностикалау мен емдеудің заманауи тәсілдері қарастырылып, репродуктивті медицинадағы жасанды интеллект және эмбриондарды преимплантациялық генетикалық скринингтен өткізу тақырыптары талқыланды. Сондай-ақ, жыныс жасушалары мен эмбриондарды криоконсервациялау, онкологиялық науқастардың фертильдігін сақтау, андрология және ер бедеулігін емдеудің жаңа әдістері мен ЭКО-дан кейінгі жүктілікті жүргізу және қосымша патологиялар сынды маңызды мәселелер қарастырылды.

Елімізде қазіргі уақытта 32 ЭКО клиникасы жұмыс істейді, жыл сайын шамамен 18 000 ҚРТ циклі орындалады. Соның ішінде 7000 циклі Президент бастамасымен жүзеге асқан «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асқан. 2021–2024 жылдары осы бағдарлама арқылы 13 000-нан астам бала дүниеге келді. Қазақстанның жетекші клиникаларында заманауи технологиялар онконауқастардың репродуктивті әлеуетін сақтау бағдарламалары енгізілді. 2025 жылдан бастап халықаралық клиникалық зерттеулер жүргізілуде. Нәтижесінде «Репродуктивті медицина. Орталық Азия» атты ғылыми-практикалық журнал SCOPUS базасына енген Қазақстандағы алғашқы медициналық басылым болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Вячеслав ЛОКШИН, ҚР Президенті жанындағы ҰҒА академигі, медицина ғылымының докторы, профессор:**

### КРТ болашағы – ғылым мен гуманизмнің синтезінде

*Эндометриозды хирургиялық жолмен емдеудің дұрыс тәсілдері, ұтымды тамақтану, қабыну ауруларын уақытылы және тиімді емдеу аса маңызды. Ал профилактика тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде де нақты жүзеге асуы тиіс. Жас ұлғаюымен бірге фертильділікті жоғалту қаупін болжау, белгілі себептерді ескере отырып, бедеуліктің алдын алу қағидаттарын әзірлеу керек. Эмбриондарды сақтау мерзімін шектеген дұрыс, өйткені бүгінде біз оларды адамдардың өз өмірінен де ұзақ сақтаймыз. Эмбриондар саны расында да өте көп. Аталған мәселе бойынша біріқатар ел шешім қабылдап жатыр.*

*Меніңше, көмекші репродуктивті технологиялар арқылы дүниеге келген балаларға проспективті регистр қажет. Сондықтан КРТ-ның болашағы – ғылым мен гуманизмнің синтезінде. Халықаралық интеграция, Қазақстанның халықаралық жобаларға қатысуы, Еуропа мен Азияның жетекші орталықтарымен ынтымақтастық, ғылыми жарияланымдар мен медициналық тәжірибелер алмасу керек. Біздің басты басымдықтарымыз – отбасы, денсаулық және этика. Жас ғалымдарды және инновацияларды осы бағыттарда қолдау өте өзекті.*

ӨҢІРАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚ

# ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ

## Алматы мен Шымкент кардиологтары күш біріктіреді

**Алматы қалалық Кардиологиялық орталыққа Шымкент жүрек орталығының басқарма төрағасы Дархан Сүйгенбаев арнайы келді. Қонақтарды орталықтың директоры Ермағамбет Құатбаев қарсы алды.**

Нұржамал ӘЛІШ

Кездесу барысында тараптар өзара ынтымақтастық, тәжірибе алмасу және оңтүстік өңірдің кардиологиялық қызметтерінің тәжірибесіне озық технологияларды енгізу перспективаларын талқылады. Сондай-ақ, хирургиялық бағыттарды дамыту бойынша іске асырылып жатқан тың жобаларды таныстырды.

*«Біздің орталық бір бейін бойынша жұмыс істейді және жүрек-қан тамырлары аурулары бар пациенттерге жоғары білікті көмек көрсету бойынша ұқсас міндеттерді шешеді. Бірлескен жұмыс еліміздің оңтүстігіндегі кардиологиялық қызметті нығайтуға және халық үшін заманауи емдеу әдістерінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді»,* – деп атап өтті Ермағамбет Құатбаев.

Алматы және Шымкент кардиологтары алқалы конференция, семинарлар өткізу, сондай-ақ іргелі екі медициналық ұйымның мамандары арасында тәжірибе алмасу үшін платформа құру туралы уағдаласты. Тақырыпқа орай тағы бір тың жаңалық бар. Алматы қалалық Кардиологиялық орталығы ресми түрде жүрек трансплантациясын жүргізуге уәкілетті медициналық ұйымдар тізіміне енгізілді. Бұл туралы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы хабарлады. Аталған шешімді Денсаулық сақтау министрлігінің Трансплантация және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталық пен «University Medical Center» (UMC) корпоративтік қоры бірлесіп қабылдаған. Бұл – отандық кардиохирургияның дамуы жолындағы маңызды қадам.

Орталықта мұндай жоғары күрделі отаны орындау үшін барлық жағдай жасалған: жоғары білікті кардиохирург, анестезиолог пен реаниматолог мамандар жұмыс істейді, заманауи диагностикалық және емдеу әдістері енгізілген, халықаралық стандарттарға сай жоғары технологиялық жабдық орнатылған.

ЖОБА

**Алматы қаласының прокуратурасы «Құқықтық дәріхана» жобасын жалғастыруда. Бұл жоба халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Әлеуметтік жоба «Заң және Тәртіп» идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасы аясында өз тиімділігін дәлелдеп үлгерді.**

# «ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘРІХАНА» –

## азаматтармен байланыс алаңы




Дана БОЛАТҚЫЗЫ

2025 жылдың маусым айынан бастап жоба аясындағы кеңес беру орындары қаланың үш сауда-ойын-сауық орталығында жұмыс істейді. Кезекті акция «Dostyk Plaza» сауда орталығында өтті. Мұнда әрбір қала тұрғыны прокуратура қызметкерлерінен тегін құқықтық көмек ала алды.



– *Біз жобаны биылғы маусым айында бастадық, осы уақытқа дейін мыңнан астам өтініш қабылдадық. Біз, әсіресе, қарт азаматтарға өз деректерін бермес бұрын және аударым жасамас бұрын туыстарымен кеңесуге кеңес береміз,* – деді Алматы қаласы прокуратурасының бөлім бастығы **Әділ ҚАРЫМСАҚОВ**.

Оның айтуынша, азаматтар түрлі мәселелермен жүгінеді. Айталық, алимент төлеу міндеттемелері, қылмыстық істердің тергелуі және алаяқтық, әсіресе, интернет арқылы жасалатын алаяқтықтар бойынша шағымдар көп түседі. Алаяқтар өздерін банк немесе мемлекеттік орган қызметкерлері ретінде таныстырып, адамдарды алдап соғады.

«Құқықтық дәріхана» жобасы азаматтар мен прокуратура өкілдерінің тікелей байланыс алаңы ретінде ұйымдастырылған. Заңгерлер сұрақтарға жауап беріп, арыз жазуға көмектесіп, өтініштерін сол жерде тіркей алады. Басты мақсат – халыққа жақын болу, әсіресе, мемлекеттік органдарға сирек жүгінетін және қайда бару керек екенін білмейтін адамдарға көмек көрсету.

– *Енді өз құқығымды қалай қорғау керегін білемін,* – дейді құқықтық кеңес алған алматылық Серафима Зиновьева, – *Маған бәрін егжей-тегжейлі түсіндіріп берді, қандай қадамдар жасау керегін айтты. Бұған дейін тек жеке заңгерлерге жүгінетінмін, ал прокуратурадан тегін кеңес алып, өте риза болдым,* – деді тұрғын.

Алматы қаласының прокуратурасы жобаны жалғастырып, акциялардың географиясын кеңейтуді жоспарлап отыр. «Құқықтық дәріхана» көптеген адамға қолұшын созды, ал тұрғындардың өтініштері күн санап артып келеді. Бұл – қолжетімді құқықтық көмектің қоғамға аса маңызды екенін дәлелдейді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ – 90

# «Құстар қайтып барады»

## ән кеші Алматыны тербеді

**Биыл – Халық ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл. Осынау мерейтой құрметіне «Қазақконцерт» залында ақын шығармашылығына арналған «Құстар қайтып барады» атты ән кеші өтті. Кеш барысында ақынның бай мұрасы қайта жаңғырып, жұртымен сағына қауышты.**

Рая
ЕСКЕНДІР




Концертке ақынның жары Күлтай Молдағалиева, ұл-қыздары, әдебиет пен өнер саласының өкілдері, ақынның шығармашылығын қадірлейтін қалың көрермен мен қала жастары қатысты. Кеш барысында Тұманбай Молдағалиевтің жүрек тербер өлеңдері оқылып, сөзіне жазылған әндер орындалды. Соңында мол мұрасы қалған Тұманбай Молдағалиевтің туған жұрты сағына еске алды. Оның шығармалары қазақ жырының алтын қорынан орын алса, ал поэзиясы адамгершілік, махаббат пен отаншылдық сезімнің символына айналды.

Кеш бойы Қазақстанның өнер шеберлері Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Айжан Нұрмағамбетова, Жеңіс Ысқақова, Сүлеймен Ибрагимов, Жанна Орынбасарова, Перизат Омарбекова, Марал Анарбек, Дильназ Ахмадиева, Бибігүл Қилымхан, Райм Уайс, Мәди Рымбаев, Ербол Нариманұлы, Сая Махамбет, Гүлнар Кошенова және «Азия», «Меломен» топтары өнер көрсетіп, көрерменіне қуаныш сыйлады. Осындай рухани кештердің ақын мұрасын жаңғыртып қана қоймай, өскелең ұрпаққа өнеге болары сөзсіз. Әсіресе, әншілер сахнаға деген сағыныштарын, көрерменмен жүздесудің қуанышын жасыра алмады.

*– Менің репертуарымдағы біраз әннің сөзін Тұманбай ағамыз жазған. Мәселен, «Куә бол» әнін орындағанымда Нұрғиса ағамыз ерекше риза болатын еді. «Осы әнді сен жақсы орындап жүрсің» деп дем беріп қоятын. Ал енді менің «Көктем шақырады, мен шақырамын» деп аталатын концерттік бағдарламама арқау болған «Шақырады көктем» әнін орындап келе жатқаныма да тура елу жыл болыпты. Шыны керек, осы әнді орындаған сайын елу жылға жасарып кеткендей боламын. Бұл әндердің барлығы да өлмейтін әндер ғой, –* дейді Роза Рымбаева.

Әдемі әнге арқау болған сұлу жыр бір кездері «Жырым мені ешқашан өлтірмейді» деп жырлаған ақынның өзі де, өлеңі де мәңгі халқымен бірге екенін тағы бір дәлелдеді.

ТҰЛҒАТАНУ

# «ЖҰРТ СЕМБИНДІ НЕГЕ САҒЫНАДЫ?»

## Қаламгер Қали Сәрсенбайдың «Қарғаш» кітабы жарық көрді





Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, теңдессіз тенор иесі Амангелді Сембин туралы «Қарғаш» атты жаңа кітап жарық көрді. Эссеист-жазушы Қали Сәрсенбайдың бұл еңбегі Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында оқырманға таныстырылды. Рухани іс-шараға әдебиет пен өнердің өкілдері, қаламгер қауым жиналды. Іс-шараның тізгінін театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, опера әншісі Болат Бөкенов ұстады.**

Нұрлан
СҮЙІН

Талайлы тағдыр иесі, қайталанбас дауысты әнші Амангелді Сембин Жамбыл облысы Сарысу ауданының Жайылма ауылында дүниеге келген екен. Ал оның теңдессіз тенор болып танылуының бастауы Жайылма ауылындағы жылқышы әке жайында материал дайындауға барған облыстық газет журналисі, ақын Жақсылық Сәтібековтен басталған. Журналист айрықша дауысы бар жылқышы баласын әй-шайға қарамай Жамбылдағы мәдени-ағарту училищесіне тапсырыпты. «...Жылдар өте келе дарынның дақпырты Димекеңнің, Қонаевтың құлағына жетті. Димекеңнің демеуімен Мәскеудегі Чайковский атындағы Мемлекеттік консерваторияда бір-ақ шықты..» («Қарғаш» кітабынан).

Осылай басталған дарынның жолы Амангелдіні опера Меккесі Ла Скаладан бір-ақ шығарған еді. Миландағы Ла Скала опера театрындағы екі жылдық тағылымдаманы Е.Образцова, М.Могамаев, Т.Синявская, Б.Мыңжылқиевтармен бірге бітірді. Ол заманда Италияда, Ла Скалада оқу-тәжірибеден өту екінің біріне бұйырмаған бақ еді. Елге оралғаннан кейін Абай атындағы опера және балет театрында әншілік жолын бастаған.

Міне, осындай қайталанбас өнер иесі туралы кітап қаламгер Қали Сәрсенбайдың қаламынан әншінің 80 жылдығына орай шығарылып отыр. Дара дарын иесі туралы кітаптың тұсаукесерінде кітапқа демеуші болған әншінің отбасы, танымал тұлғалар, әншінің шәкірттері, сондай-ақ, Темірбек Жүргенов академиясы мен консерватория студенттері жиналып, кештің мазмұнын байытты.

Абай атындағы опера және балет театрының бас шысы Айнұр Көпбасарова авторға арнайы алғысын білдіріп, «Театрдың 90 жылдығы» медалімен марапаттады.

Театрға келген танымал тұлғалар «Қарғаш» кітабының тұсауын кесіп, оқырманға жол тартқан сапарына тілектестік танытты. Амангелді Сембиннің ауылдасы, атақты Асанәлі Әшімов қайталанбас әншінің қадірі жыл өткен сайын арта беретініне тоқталып өтті. Әрі қаламгерге «Тұлғатану» циклындағы еңбектері үшін өзінің шынайы алғысын жеткізді. Әншінің сыныптасы, қаламгер Бейбіт Қойшыбаев та Сембиннің балалық шағынан естеліктерін айтты. Кездесуде күйші Ш.Әбілтаев, Б.Нұржекеев, К.Сегізбаев, Ә.Бөпежанова қатарлы қаламгерлер әнші Амангелді Сембиннің рухани мұрасын дәріптеу турасында ойларын ортаға салды.

Бұдан кейін Амангелді Сембиннің төл шәкірттері мен театрдың тенор әншілері өнер көрсетіп, рухани кештің мәртебесін асыра түсті. Өнердегі ғұмыры өте қысқа болса да қайталанбас әнші болған Амангелді Сембин жайында аңызға бергісіз әңгімелер әлі де айтыла бермек. Оқырманға жол тартқан «Қарғаш» кітабы осы ұзақ дастанның бастауы ғана деп түсіндік.

ФУТБОЛ

# Дастан Сәтпаев – ең қымбат ойыншы




**Transfermarkt порталы Қазақстан Премьер-лигасы футболшылары мен шетелде өнер көрсететін қазақстандық ойыншылардың жаңартылған нарықтық құнын жариялады.**

Жаңартылған деректерге сәйкес, алматылық «Қайраттың» шабуылшысы Дастан Сәтпаев Қазақстандағы ең қымбат футболшы атанды. 17 жастағы ойыншының футбол әлеміндегі бағасы 1,2 миллион еуроға өсіп, қазір 3 млн. еуроға жеткен.

Бұл ел чемпионатындағы ойыншылар арасында және шетелде өнер көрсететін қазақстандық футболшылар арасында да ең жоғары баға. Ресей клубтарының атынан өнер көрсетіп жүрген қазақстандықтар 2–4 орындарға жайғасты. Атап айтқанда, «Динамо» ойыншысы Бахтиёр Зайнутдинов тізімде екінші (€2,8 млн.), «Зенит» ойыншысы Нұралы Әліп үшінші (€2,5 млн.) және «Ахмат» ойыншысы Максим Самородов (€2,5 млн.) төртінші тұр. Ең бағалы бестікті қостанайлық «Тобылдың» 25 жастағы жартылай қорғаушысы Ислам Чесноков түйіндеді.

Ал Премьер-лигадағы ең қымбат ойыншылар тізімінде екінші орында екі футболшы тұр: Валерий Громыко («Қайрат») және Назми Грипши («Астана»). Екеуінің де құны қазір €1,5 миллион еуро деп бағаланған. Громыконың құны 300 мың еуроға, ал Грипши құны 650 мың еуроға өскен. Одан кейін тізімде бірден үш ойыншы тұр. Олар «Қайрат» ойыншысы Офри Арад, «Астана» қорғаушысы Иван Башич және Тобыл ойыншысы Ислам Чесноков – бәрінің бағасы 1,2 млн. еуро.

Сонымен қатар, ел біріншілігінің нәтижесі бойынша кейбір ойыншылардың бағасы төмендегені де байқалады. «Ордабасы» ойыншысы Вакулко, «Ақтөбе» ойыншылары – Әлібек Қасым, Неманья Анджелкович, Богдан Вэтэжелу және «Қайрат» сапында Юга Станоев, Рикардиньо, Әділет Садыбеков 100 мыңға еуроға арзандаған.

Еске салайық, Қазақстан Премьер-лигасында биыл 26 тур нәтижесі бойынша алматылық «Қайрат» жеңіске жетті. Екінші орынға «Астана» жайғасты. Үздік үштікті «Тобыл» түйіндеді.

ФУТЗАЛ

**Қазақстан футбол федерациясы футзалдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Пауло Рикардо Фигейро Силвамен (Кака) келісімшарттың аяқталғанын хабарлады.**



# Кака ұлттық құрамамен қоштасты

ҚФФ Бразилиялық маман 2018 жылдан бері ел құрамасын жаттықтырып, осы жылдар ішінде отандық футзалдың дамуына зор үлес қосқанын атап өтті.

Оның басшылығымен команда Еуропа мен әлемнің үздік құрамаларының қатарына қосылып, ойыны стилі мен тәртібі, сондай-ақ жұмысты ұйымдастыру бойынша жаңа деңгейге көтерілді. Атап айтқанда, 2021 жылы Литвада өткен әлем чемпионатында Қазақстан тарихта алғаш рет жартылай финалға шығып, төртінші орын алды. Бұл жетістік еліміздің футзал тарихындағы ең айшықты жетістік болды. Ал 2022 жылы Еуропа чемпионатында плей-офф кезеңіне шықса, ал әлем чемпионатының іріктеуін сенімді өтті. Өзбекстанда өткен додада Қазақстан қайтадан үздік сегіз құраманың қатарынан көрінді.

Спорттағы еңбегі мен Қазақстан футзалының дамуына қосқан үлесі үшін Паулу Рикардо Кака Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.

– Какаға көпжылдық еңбегі, кәсібилігі мен өз ісіне деген адалдығы үшін шын жүректен алғыс білдіреміз. Оның басшылығымен ұлттық құраманың ойыны мінез бен тұрақтылықтың үлгісіне айналып, нағыз командалық рухты көрсетті. Кака есімі отандық футзал тарихында мәңгі сақталады, – деп хабарлады Қазақстан футбол федерациясы.

ТЕННИС



# Рыбакина тарихи жеңіске жетті

**WTA Finals турнирі – бір жыл ішінде ең жоғары ұпай жинаған 8 теннисші бақ сынайтын алаң. Теннис әлемі көз тіккен бұл додада отандасымыз Елена Рыбакина топ жарды.**

Сауд Арабиясының орталығы Ар-Рияд қаласында өткен 2025 жылғы WTA қорытынды турнирінің финалында Елена Рыбакина әлемнің бірінші ракеткасы Арина Соболенконы 6-3 және 7-6 есебімен жеңіп, тарихи нәтижеге қол жеткізді.

Дода барысында барлық кездесуінде жеңіске жеткен Елена рейтингте 1 500 ұпайға ие болды және әйел теннисшілер үшін рекордық 5,2 млн доллар табыс тапты. Сондай-ақ, жаңартылған WTA рейтингісінде 5-орынға көтерілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев теннисші Елена Рыбакинаны Эр-Риядта өткен WTA қорытынды турниріндегі жеңісімен құттықтады.

– Сіз теннистен жыл қорытындысы саналатын беделді жарыста шеберліктің озық үлгісін көрсетіп, асқан ерік-жігердің арқасында жеңіске жеттіңіз. Қазақстандық және әлемдік теннис спортының тарихындағы осынау айтулы жетістігіңізбен шын жүректен құттықтаймын және ризашылығымды білдіремін. Дүбірлі додадағы жеңісіңізді, теннистің дамуына қосқан үлесіңізді және аталған спортты елімізде насихаттауға сіңірген еңбегіңізді ескере отырып, Сізді III дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Сізге зор денсаулық, бақ-береке және Қазақстан Республикасының даңқын асыратын жаңа жетістіктер тілеймін, – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

ALMATY OPEN 250

# ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҮЗДІК САПА

## Алматы әлемдік марапатқа ие болды

**Almaty Open 250 теннис турнирі қаладағы күзгі спорттық маусымның шымылдығын ашқан болатын. Оған қоса мегаполистегі айтулы спорттық мерекелердің бірі ретінде есте қалған. Осы турнирді жоғары деңгейде өткізген Алматы қаласы «Ұйымдастырудағы үздік сапа үшін» атты халықаралық марапатқа ие болды.**



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Италияның Турин қаласында ATP Awards 2025 марапаттарын тапсыру рәсімі өтті. Онда Almaty Open 250 үздік турнирлерінің бірі ретінде мойындалып, Кәсіби теннисшілер қауымдастығынан «Ұйымдастырудағы үздік сапа үшін» марапатын алды. Сондай-ақ, Азия аймағында бұл марапатқа Дубай (ATP 500) және Шанхай (ATP 1000) жарыстары ие болды.

– Біз Кәсіби теннисшілер қауымдастығынан бірінші рет осындай жоғары марапатты алғанымызға өте қуаныштымыз. Бұл жетістік біздің спортшылар және жанкүйерлер үшін жоғары деңгейдегі спорттық іс-шараны ұйымдастыруға үнемі ұмтылатынымызды көрсетеді. Алдағы негізгі мақсат – Almaty Open мәртебесін ATP 500 деңгейіне дейін жеткізу. Бұл әлемдік теннис жұлдыздарын Қазақстанға бұрынғыдан да көбірек тартып, елімізде спорттың қанат жаюы мен дамуына оң әсер етеді – деді Қазақстан теннис федерациясының вице-президенті Юрий Польский.




ATP Standards of Excellence Recognition марапаттары әр жарыс өткеннен кейін спортшылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде рейтингісі ең жоғары турнирлерге беріледі.

Еске салайық, Almaty Open ATP 250 турнирі 11–19 қазан аралығында «Алматы Арена» кешенінде өтті. Жекелей сында әлемнің 12 ракеткасы Даниил Медведев жеңіске жетті. Жұптық сында француздықтар Тео Аррибаж бен Альбано Оливетти үздік шықты.

**Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.**

ӘДІЛЕТ АЙНАСЫ

# ЖЕКЕ ШЕКАРА ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

## Сталкинг қылмыс саналады

**Әлеуметтену үдерісі күрделенген сайын адамдар үшін қауіп-қатердің сипаты да жаңара түскендей. Бұрын физикалық зорлық-зомбылықтан қауіптенсе, қазір психологиялық қысымның көзге көрінбейтін түрлері көбейді. Солардың бірі – сталкинг, яғни адамның келісімінсіз аңду, үнемі мазалау, жеке өміріне араласу. Алматы сынды алып мегаполисте жеке тұлғалар мұндай қауіп-қетерге тап болмайды деп айту қиын. Бұл ретте қала әкімдігі мен құқық қорғау органдары тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру, тұрмыстық зорлық пен психологиялық қысымның алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Алматы қаласы Полиция департаментінің мәліметінше, сталкинг туралы жаңа заң күшіне енгелі бері қалада аталмыш бап бойынша бірде-бір дерек тіркелмеген екен.**

Гүлжанат СЕМБАЕВА




Коллажды жасаған Нұрбосын ОРІСҰЛЫ

### Психологиялық зорлық – қауіпті құбылыс

Бұл ұғым соңғы жылдары ғана жиі айтыла бастағанымен, оның белгілері бұрыннан бар. Дегенмен, көпшілік сталкингтің нақты не екенін, қандай қауіп төндіретінін және ол үшін қандай жауапкершілік қарастырылатынын жете біле бермейді. Сталкинг – адамның психологиялық жағдайына айтарлықтай зиян келтіретін, бірақ физикалық зорлық қолданбайтын, жүйелі түрде қудалау және бақылау әрекеттері. Мұндай іс-әрекеттерге адамның жеке шекарасын бұзу, еркінен тыс аңду, қоңырау шалып мазалау, интернет арқылы қорқыту немесе уайымға салу жатады.

2025 жылғы 16 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне жаңа 115-1-бап – «Сталкинг» енгізілген заңға қол қойды. Енді біреуді жүйелі түрде қудалау, мазалау немесе бақылауда ұстау – қылмыс деп танылады. Бұл бап бойынша 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу, сол мөлшерде түзеу жұмысына тарту, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа жіберу немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу жазасы көзделген. Жаңа норма 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап күшіне енді.

Атырау облысында алғаш рет осы бап бойынша қылмыстық іс қозғалды. Күдікті ауыл тұрғынын аңдып, үй ауласына заңсыз кіріп, бейәдеп әрекеттер жасаған. Оқиға бейнебақылау камерасына түсіп, мессенджерлер арқылы тараған. Алғашында іс «ұсақ бұзақылық» ретінде қаралып, құқық бұзушы 60 сағат қоғамдық жұмысқа тартылған. Кейін қосымша дәлелдер ұсынылған соң, әрекет Қылмыстық кодекстің жаңа 115-1-бабы бойынша қайта сараланды.

### Заң қабылдау жеткіліксіз...

«Жан-Сая» дағдарыс орталығының заңгері Гүлшара Маратқызының айтуынша, бұл – азаматтардың жеке өмірі мен психологиялық қауіпсіздігін қорғауға бағытталған маңызды қадам.

*– Сталкинг үшін жауапкершілік жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына қарамастан, барлық азаматқа бірдей қолданылады. Яғни мұндай әрекетті кім жасаса да – ер адам болсын, әйел адам болсын, тіпті жасөспірім болса да – заң алдында бәрі тең. Бұл – құқықтық әділдікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі,* – дейді заңгер.

Оның пікірінше, заң қабылдау жеткіліксіз. Ең бастысы – қоғамда ақпараттық және құқықтық сауаттылықты арттыру қажет.

*– Жақында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттерімен кездесу өткіздік. Қыздарға мұндай әрекеттердің құқықтық салдары мен өзін қорғаудың заңды жолдарын түсіндірдік. Заң тәжірибеде де қолданылып жатыр. Мәселен, Атырау мен Павлодар облыстарында осы бап бойынша қылмыстық істер қозғалды. Бұл жаңа норманың қоғам үшін өзектілігін және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін көрсетеді,* – дейді Гүлшара Сапарова.

### Сталкингтің басты құрбандары кімдер?

Сталкинг – тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігіне әсер етеді. Сондықтан заңмен қатар қоғамның да санасы, жеке шекараға деген құрмет те дамуы керек деп санайды мамандар. «Жан-Сая» орталығының психологы Мадина Мағауия сталкингтің басты құрбандары – жас қыздар екенін айтады.

*– Кейде қыздар агрессордың әрекетін қамқорлық немесе романтика деп қабылдап, сталкингті байқамай қалады. Ер адам әуелде жылы сөз айтып, сыйлық беріп, ерекше көңіл бөлгенімен, кейін шектен тыс бақылау мен шектеу қоя бастайды. Бұл – психологиялық қысымның айқын белгісі. Сондықтан әрбір жас қыз өз шекарасын сезініп, қажет болғанда «жоқ» деп айта білуі керек. Ал сталкингке тап болған адам бұл жағдайды жасырып қалмай, ата-анасына, жақындарына немесе полицияға хабарлауы қажет,* – дейді маман.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Зоя ШӘМШЕТ, психолог:**

### Қауіп туралы ашық айтылуы керек

Сталкингке баратын адамдар көбіне ішкі бос кеңістікке ие, яғни «ішкі бостық» сезімін бастан кешіреді. Сосын сол ішкі бос орнын басқа біреудің өмірімен толтырғысы келеді. Жалғыз қалудан қорқады, үнемі бойында қорқыныш пен үрей болады. Біреудің өмірін бақылап, қадағалау арқылы өзін маңызды адам ретінде сезінеді. Өзінің жеке шекарасы бұзылғандықтан, өзгелердің де шекарасын бұзуға болады деп ойлайды. Олардың санасында «басқаның өмірі маған да тиесілі», «менің оны бақылауға құқығым бар» деген жалған түсінік қалыптасады. Психологиялық тұрғыдан сау адамның әрекеті емес. Көбіне мұндай адамдардың бала кезінде жеке шекаралары бұзылу мүмкін. Сол кезде алған психологиялық жарақаты есейгенде де әсер етеді.

Сталкинг жасайтын адамдар көбіне эмоционалды тәуелді, жеке шекарасы бұзылған, нарциссизм белгілері бар немесе психоэмоционалды бұзылыстары бар болып келеді. Әркімде себеп әртүрлі: бірі өзін біреуден үстем сезінгісі келеді, енді бірі өз қажеттіліктерін дұрыс жолмен реттей алмайды. Сол себепті, олар өздерінің ішкі қажеттіліктерін басқа адамның өмірін бақылау арқылы өтейді. Бұл – психологиялық тұрғыдан ауытқуы бар тұлғаларға тән мінез.

Егер сталкинг құрбаны психологиялық тұрғыдан тұрақты болса, өзін анық танып, шындық пен жалғанды ажырата алады. Ондай адам өзіне сенімді, заң жүзінде қандай әрекет ету керегін біледі. Ал егер оның психикасы тұрақсыз болса, сталкинг әрекеті оған қатты әсер етеді. Негізі сталкинг – психологиялық зорлық-зомбылықтың бір түрі.

Құрбан адамда ұйқы бұзылуы, өзін қауіпсіз сезінбеу, қорқыныш пен үрейдің күшеюі байқалады. Ол өзіне сенімсіз болып, болған жайтқа тек өзін кінәлай бастайды. «Мен бір нәрсені дұрыс істемедім бе?» деген ой мазалайды. Адамның бойындағы мұндай сезім ұзаққа созылса, депрессияға ұшырайды.

Сталкингтің ұзақ мерзімді әсері өте ауыр болады. Мұндай адамдарда посттравматикалық стресс бұзылысы дамуы мүмкін. Оларда ұйқысыздық, психосоматикалық аурулар, созылмалы күйзеліс байқалады. Адамның психологиялық, эмоционалды және физиологиялық жай-күйі түбегейлі өзгереді. Әркім мұндай жағдайға әртүрлі реакция білдіреді. Біреулер эмоциясын мүлде көрсете алмай, іштей тынады. Сезімдерін жасырып, ешнәрсе сезінбеуге тырысады. Қоғам тарапынан бақылау мен қысым сезімі психиканы бұзады.

Сталкинг құрбандарына ең алдымен психологиялық және құқықтық қолдау қажет. Оларға полиция мен заңгерлердің көмегімен қатар, психологтың да қолдауы маңызды. Психолог ең әуелі адамның қауіпсіз ортада екенін айтып, бұрынғы өмір ырғағына қайтаруға күш салады.

Біз «қалыпты өмірге оралу» әдісін қолданамыз. Яғни психологтар адамның өз денесін сезінуі, осы сәтте екенін түсінуі арқылы қорқыныштан арылуға көмектеседі. Жеке қабылдау арқылы оның ішкі әлемімен жұмыс істейміз. Әрине, ұзақ мерзімді терапиялық процесс. Сталкинг құрбаны міндетті түрде терапиядан өтіп, психологиялық жарақаттарын емдеуі қажет.

Сталкинг – адамның жеке шекарасына, еркіндігіне және психикасына жасалатын зорлық. Біздің қоғамда, өкінішке қарай, сталкинг құрбандарының шеккен зардабы еленбей жатады. Көп жағдайда мұндай әрекеттерді кейбір адамдар пиар немесе әлімжеттік құралына айналдырады. Қоғамда сталкингке әуес адамдар көп және олардың әрекеті қоғам үшін қауіпті. Адам өзін тығырыққа тірелгендей сезініп, ешкім көмектесе алмайтындай күйге түседі. Ол адамды депрессияға, тіпті, ең қорқыныштысы суицидке дейін итермелеуі мүмкін.

Қоғамда сталкингтің қаупі туралы ашық айтылуы қажет деп санаймын. Әр адам өз шекарасын қорғауды үйреніп, «жоқ» деп айту мәдениетін қалыптастыруы тиіс. Ал сталкинг құрбандарына психологиялық және құқықтық көмек дер кезінде көрсетілсе, көптеген қайғылы жағдайдың алдын алар едік.

ТҮЙІН:

***Қалай десек те, психологиялық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі. Сталкингке қарсы күрес, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру және ақпараттық түсіндіру шаралары – Мемлекеттік ақпараттық саясаттың «Қауіпсіздік саясатын жүзеге асыру» бағытымен тығыз байланысты. Мемлекет азаматтардың өмірі мен психикалық саулығын қорғауға бағытталған заңнамалық және институционалдық шараларды күшейтіп отыр. Бұл бағытта құқық қорғау органдары, білім беру мекемелері мен психологиялық орталықтардың бірлескен жұмысы шешуші рөл атқарады.***

## ҚАУЛЫ

*Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 қарашадағы
№4/675-1362 қаулысы*

**Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-496:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 7 жолы алынып тасталсын;

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 26 қазандағы №4/524-646:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 38 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 38. | Паттаров Гожахмет Усупович | 20-312-047-514 | «Достық» шағынауданы, Аққөгершін көшесі, 46 | жалпы-0,0680 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0180 |

»;

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 29 тамыздағы №3/373-1790:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 31 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 31. | Кибирова Айгуль Сыдыковна | 20-321-070-1178 | «Теректі» шағынауданы, Айналмалы көшесі, 16 | 0,0350 |

»;

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қаңтардағы №1/1-61:

қосымшадағы:

реттік нөмірлері 19, 59, 73 жолдары алынып тасталсын;

реттік нөмірі 93 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 93. | Ермеков Ерсаин Серикович | 20-321-026-051 | Райымбек даңғылы, 317/1, 2-пәтер | жалпы-0,1053 үлесі-0,0351 |

»;

реттік нөмірлері 117-119 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 117. | Мусаев Азад | 20-321-026-139 | Райымбек даңғылы, 313, 1-пәтер | жалпы-0,0950 үлесі-0,0486 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0300 |
| 118. | Юсубов Намик | 20-321-026-001 | Райымбек даңғылы, 311, 2-пәтер | жалпы-0,0604 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0373 |
| 119. | Имамалиев Бахлул Орудж-огли | 20-321-026-093 | Райымбек даңғылы, 309 | жалпы-0,0628 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0391 |

»;

реттік нөмірі 121 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 121. | Сырчин Олег Олегович | 20-321-026-107 | Райымбек даңғылы, 305, 1-пәтер | жалпы-0,0950 үлесі-0,0437 |

»;

реттік нөмірі 123 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 123. | Сырчин Олег Олегович, Сырчина Юлия Александровна | 20-321-026-107 | Райымбек даңғылы, 305, 3-пәтер | жалпы-0,0950 үлесі-0,0180 |

»;

реттік нөмірі 141 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 141. | Адильханов Бекболат Исатаевич | 20-311-031-028 | Райымбек даңғылы, 289, 6-пәтер | жалпы-0,1003 үлесі-0,0164 |

»;

реттік нөмірі 180 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 180. | «ЭЛИГИТА-АЗИЯ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-321-064-185 | Райымбек даңғылы, 397/1 | 0,0735 |

»;

реттік нөмірі 195 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 195. | Югай Любовь Евгеньевна | 20-321-063-024 | Райымбек даңғылы, 409, 3-пәтер | жалпы-0,1430 үлесі-0,0309 |

»;

реттік нөмірі 207 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 207. | Искаков Ерболат Шакалакович, Искакова Замзагуль Даулетпаковна | 20-321-063-176 (20-312-009-176) | Райымбек даңғылы, 413, 3-пәтер | жалпы-0,1416 үлесі-0,0218 |

»;

реттік нөмірі 249 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 249. | Заикина Елена Викторовна, Рудометова Лидия Викторовна, Острогляд Галина Михайловна | 20-312-039-160 | Райымбек даңғылы, 474 Б | 0,0416 |

»;

реттік нөмірі 268 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 268. | Гасанов Махмед Агалиевич | 20-312-039-143 | Райымбек даңғылы, 480 | 0,0999 |

»;

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 19 ақпандағы № 1/1-320:

қосымшадағы:

реттік нөмірлері 3, 5, 9, 21, 32 жолдары алынып тасталсын;

реттік нөмірі 14 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14. | «Алматы қаласы жайлы қалалық орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 20-322-002-1145 | Ташкентская көшесі (Райымбек даңғылы), 590 учаске | жалпы-2,0839 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1287 |

»;

реттік нөмірі 23 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23. | Босаков Расул Акрамович | 20-321-057-315 | Райымбек даңғылы, 529/3 учаске | 0,0850 |

».

6) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 17 тамыздағы №1/1-416:

қосымшадағы:

реттік нөмірлері 37 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 37. | Гавриленко Ольга Ивановна | 20-317-011-057 | Закарпатская көшесі, 1/5, № 117 көлікжай | жалпы -0,4733 үлесі -0,0025 |

реттік нөмірлері 79 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 79. | Сутормина Ирина Витальевна, Ларионова Анастасия Викторовна | 20-317-011-057 | Закарпатская көшесі, 1/5, №220 көлікжай | жалпы-2,2694 үлесі -0,0020 |

»;

реттік нөмірлері 91 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 91. | Амитова Илира Альфатовна, Амитов Фаниль Альфатович | 20-317-011-057 | Закарпатская көшесі, 1/5, № 253 көлікжай | жалпы-2,2694 үлесі -0,0039 |

»;

реттік нөмірлері 129 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 129. | Шевелев Александр Викторович, Шевелев Виктор Викторович | 20-317-011-057 | Закарпатская көшесі, 1/5, №363 көлікжай | жалпы 2,2694 үлесі -0,0039 |

»;

реттік нөмірлері 209 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 209. | Алексеенко Матвей Алексеевич, Кусюмов Назар Сергеевич, Кусюмова Надежда Ивановна | 20-317-011-057 | Закарпатская көшесі, 1/5, №531 көлікжай | жалпы -0,4733 үлесі -0,0037 |

».

7) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-519:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 44 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 44. | Калипбеков Нурабай Дуйсенбекович | 20-322-005-345 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нұрпейісов көшесі, 40 | жалпы-0,0816 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0074 |

»;

реттік нөмірі 60 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 60. | Юсупова Оралай Кожановна | 20-322-005-436 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Лапин көшесі, 63 | жалпы-0,0780 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0253 |

»;

реттік нөмірі 87 жолы алынып тасталсын;

реттік нөмірі 89 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 89. | Хамраева Гузяль Азимжановна, Мусаева Зухра Адылжановна, Суттибаев Жанат Жанабекович | 20-322-005-661 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Тайторы батыр көшесі, 21 | 0,0912 |

»;

реттік нөмірі 91 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 91. | Иманкулова Нуржамал | 20-322-005-698 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрмұхамедов көшесі, 16 | 0,0805 |

»;

реттік нөмірі 114 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 114. | Шрейдер Маргарита Ивановна | 20-322-005-928 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 39 | жалпы-0,1400 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0281 |

».

8) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 15 тамыздағы №3/470-1139:

қосымшадағы:

реттік нөмірлері 1-3 жолдары алынып тасталсын;

реттік нөмірі 11 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11. | Машнин Виталий Викторович, Машнин Александр Викторович | 20-322-002-932 | «Шұғыла» шағынауданы, Жуалы көшесі, 36 ғимарат | 0,0475 |

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

---

*Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 қарашадағы №4/675-1363 қаулысы*

**Алматы қаласы әкімдігінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қазандағы № 4/675-1295 қосымшадағы:

реттік нөмірлері 5, 6 жолдары алынып тасталсын.

2. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2025 жылғы 10 қарашадағы №4/675-1364 қаулысы*

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 шілдедегі № 34.1-34/1158-и хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тілендиев көшесін ұзарту үшін, Алматы қаласының Алатау ауданындағы Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін орналасқан 81 (сексен бір) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2025 жылғы 10 қарашадағы*
*№ 4/675-1364 қаулысына қосымша*

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Касаболатов Ержан Тольтаевич, Касаболатова Айгуль Мубуновна | 20-321-003-248 | «Дархан» шағынауданы, Тайқазан көшесі, 20/1 | жалпы-0,0950 үлесі-0,0400 |
| 2. | Нуржикеева Токжан Карловна, Бердибаев Уланбатор Ахметкалиевич | 20-321-004-109 | «Өжет» шағынауданы, Сусамыр көшесі, 23 | жалпы-0,0965, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0295 |
| 3. | Козыбагарова Айгуль Абишевна | 20-321-004-194 | «Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 56 | 0,0672 |
| 4. | Махаметов Абдурашит Махсутович | 20-321-004-235 (20-314-904-235) | «Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 18 | жалпы-0,1500, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0513 |
| 5. | Даутова Кымбат Тургазиновна | 20-321-004-308 | «Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 21 | жалпы-0,0707, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0275 |
| 6. | Аликулов Серик Заутбекович | 20-321-004-336 (20-314-904-336) | «Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 51 | 0,0952 |
| 7. | Генлей Фатима Сулеймановна, Генлей Айдир Сулейманович | 20-321-004-349 (20-314-904-349) | «Өжет» шағынауданы, Жанайдар Сәдуақасов көшесі, 101 | жалпы-0,2117, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0972 |
| 8. | Шубникова Елена Васильевна | 20-321-004-377 (20-314-904-377) | «Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 93 | жалпы-0,1106, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0376 |
| 9. | Иманбекова Гульмира Толеуовна | 20-321-004-429 (20-314-904-429) | «Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 58 | 0,0631 |
| 10. | Сейтбаев Серикбай Ахметалиевич | 20-321-004-450 (20-314-904-450) | «Өжет» шағынауданы, Хасен Оралтай көшесі, 163/1 | 0,1000 |
| 11. | Касимов Туглук Ясунович | 20-321-004-452 (20-314-904-452) | «Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 42а | 0,0483 |
| 12. | Булекова Алтынтай Жумагельдиновна | 20-321-004-426 (20-314-904-426) | «Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 39 | 0,0615 |
| 13. | Кержикова Бибигуль Шулгаубаевна | 20-321-004-468 | «Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 16 | 0,0506 |
| 14. | Гордеев Василий Михайлович, Гордеева Любовь Николаевна | 20-321-004-566 | «Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 22 | жалпы-0,0889 үлесі-0,0445 |
| 15. | Курбанова Мукарам Хеляковна, Василденов Гайратжан Межитович | 20-321-004-566 | «Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 22, 1 корпус | жалпы-0,0889 үлесі-0,0444 |
| 16. | Нургузбаева Айтхан | 20-321-004-578 | «Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 59/1 | 0,0173 |
| 17. | Сарсекеева Ляйля Айшабековна | 20-321-004-686 | «Өжет» шағынауданы, Хасен Оралтай көшесі, 173а | 0,0375 |
| 18. | Сарсекеева Ляйля Айшабековна | 20-321-004-687 | «Өжет» шағынауданы, Хасен Оралтай көшесі, 173 | 0,0378 |
| 19. | Сайдибаткалов Жумагалий | 20-321-020-1063 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 11 | 0,0600 |
| 20. | Шокбытов Шынгысхан Умирханович | 20-321-020-1064 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 16 | 0,0619 |
| 21. | Рахимов Серик Исатаевич | 20-321-020-1065 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 23 | 0,0600 |
| 22. | Кенесбаев Боранбай Абдыкаримович | 20-321-020-1068 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 21 | 0,0600 |
| 23. | Кырыкпаева Тамара Мухамедиевна | 20-321-020-1069 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 19 | 0,0600 |
| 24. | Набиев Асиф Нураддин-оглы, Набиева Бакыт Сагындыковна | 20-321-020-1071 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 5 | 0,0750 |
| 25. | Жакыпбеков Талгат Абдрахманович | 20-321-020-1073 | «Болашақ» шағынауданы, 5а | 0,0230 |
| 26. | Кенесбаев Жасулан Асанович, Мырзагалиева Зауре Еркинбековна | 20-321-020-1086 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 14 | 0,0610 |
| 27. | Васеленко Валентина Николаевна | 20-321-020-1090 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 1 | 0,1000 |
| 28. | Разахунова Гульнара Мухпуловна | 20-321-020-1096 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 22/1 | жалпы-0,1200, иеліктен шығарылатын ауданы 0,0243 |
| 29. | Васильева Эльвира Анатольевна, Лобанов Евгений Сергеевич | 20-321-020-1110 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Набережная көшесі, 32 | жалпы-0,1026, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0358 |
| 30. | Виль Владимир Байрамович | 20-321-020-1112 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 3 | 0,0867 |
| 31. | Мамедов Будулай Алимханович | 20-321-020-1113 | «Болашақ» шағынауданы, 13 | 0,0940, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0498 |
| 32. | Мурашов Геннадий Викторович | 20-321-020-1114 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 26 | 0,0650 |
| 33. | Оразымаханов Амангелды Игиликович, Оразымаханова Лаззат Утеповна | 20-321-020-1115 | «Болашақ» шағынауданы, 15 | 0,1002 |
| 34. | Тарцаева Людмила Фёдоровна | 20-321-020-1118 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 28 | 0,0700 |
| 35. | Тарцаева Людмила Фёдоровна | 20-321-020-1119 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 30 | 0,0700 |
| 36. | Акажанов Еркин Оразович, Нуркенова Алия Сакеновна | 20-321-020-1124 | Болашақ шағынауданы, 1/13 | 0,0319 |
| 37. | Уйсимбаев Арман Талгатович | 20-321-020-1126 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 366 | 0,0566 |
| 38. | Банлоу Рустам Гейсырович, Сыва Амина | 20-321-020-1127 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 7/2 | 0,0679 |
| 39. | Взоров Иван Владимирович | 20-321-020-1144 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 55/1 | 0,0600 |
| 40. | Бакулина Галина Сергеевна | 20-321-020-1170 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Набережная көшесі, 32а | 0,0246 |
| 41. | Цыхоня Екатерина Владимировна | 20-321-020-1195 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 12 | 0,0600 |
| 42. | Нусипходжаев Мурат Талипович, Нусипходжаева Галия Маймышевна | 20-321-020-1207 | «Болашақ» шағынауданы, 1/20 | 0,0504 |
| 43. | Конысбаева Аида Таубеевна | 20-321-020-1220 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 15 | 0,0600 |
| 44. | Иващенко Алина Павловна | 20-321-020-1221 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 36 | жалпы-0,0600 үлесі-0,0375 |
| 45. | Марконренков Юрий Александрович | 20-321-020-1221 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 36 | жалпы-0,0600 үлесі-0,0225 |
| 46. | Повиденко Игорь Александрович, Повиденко Евгения Викторовна | 20-321-020-1226 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 59/1 | 0,1100 |
| 47. | Борщ Сергей Александрович | 20-321-020-1233 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 18 | 0,0600 |
| 48. | Русланова Саниям Ахратжановна, Русланов Рустям Русланович | 20-321-020-1249 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 13/11 | 0,0580 |
| 49. | Султанкулова Светлана Владимировна, Эрит Виктор Владимирович | 20-321-020-1254 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 32 | жалпы-0,0700 үлесі-0,0234 |
| 50. | Эрит Валентина Николаевна | 20-321-020-1254 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 32 | жалпы-0,0700 үлесі-0,0466 |
| 51. | Рахманбердиева Акмарал Нурдылдаевна | 20-321-020-1257 | «Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 24 | 0,0624 |
